

FTAMP 03.26.00.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.11>**Б.К. Қалшабаева**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫНЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ (XX ғ. 30-ЖЫЛДАРЫ)

Мақалада XX ғ. 30 жылдарындағы Өзбекстандағы саяси қуғын-сүргіннің себептері мен зардаптары және оның сол республика аумағындағы қазақтарға да тигізген салдары баяндалады. Мақсат КСРО аумағында жүргізілген Сталин саясатының зорлық-зомбылығы Өзбекстанда қалай өтті, саяси қуғын-сүргінге халықтың қандай бөлігі ұшырады, қазақтардың үлесі қандай деңгейде болғандығын айқындау. Мақалада тақырыптың зерттелу деңгейі, зерттеу әдістері қарастырылады. Өзбекстан халықтарының қуғын-сүргінге ұшырауы зерттелгенмен, ондағы қазақтардың қуғынға ұшырауы жөнінде арнайы зерттелген еңбек жоқ. Зерттеу барысында тарихилық ұстанымды негізге ала отырып, деректер мен құжаттар сараланды. Автор Орталық Комитеттің КСРО аумағында саяси қуғын-сүргінді жүзеге асырудағы тетіктері, «Үштіктің» құрылуы, олардың жазалау әдістері нақты деректермен айшықталады. Мақалада Өзбекстандағы қазақтардың 1937-1938 жж. саяси қуғын-сүргінге ұшырауындағы себептерге де талдау жүргізуге тырысқан. Өзбекстандағы қазақтардың саяси қуғын-сүргінге ұшырауын зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, олардың бай-құлақ болғандығы, орта шаруа бола отырып, кеңес өкіметіне қарсы насихат жүргізу, маңайына жат элементтерді топтастыра отырып, ұлт араздығын күшейту, басмашылармен байланыста болу, не колхоз шаруасына немқұрайылық таныту, т.б.

Түйін сөздер: Өзбекстан, саяси қуғын-сүргін, 1937-1938 жж., «үштік», Сталиндік жүйе, Өзбекстандағы қазақтар, бай-құлақтар.

B.K. Kalshabayeva

Al-Farabi Kazakh National University Kazakhstan, Almaty,
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Historical aspects of political repression among Kazakhs of Uzbekistan (30s of the 20th century)

The article considers the reasons for political repression in Uzbekistan in the 30s of the 20th century and their consequences for Kazakhs living in the Republic. The purpose is to clarify the features of the violent Stalinist policy that took place in Uzbekistan; to determine which part of the population was subjected to political repression and what was the proportion of ethnic Kazakhs among them. The article discusses the degree of study of the topic, research methods. While the political repression carried out against other peoples of Uzbekistan is covered in many studies, there is no special work on repression against Kazakhs of Uzbekistan. In the course of the study, based on the historical position, various sources and documents were analyzed. The author describes in detail the mechanisms of the Central Committee for the implementation of political repressions in the USSR, the creation of the "troika", and methods of punishment. The article analyzes the causes of political repression of Kazakhs in Uzbekistan in 1937-1938. When studying the political repressions of Kazakhs in Uzbekistan, we were convinced that they were subjected to bai and kulaks, who were stipulated that they conducted anti-Soviet propaganda; elements alien to them gathered on collective farms, national enmity intensified, communication with the Basmachs, or showed indifference to the collective farm event, etc.

Key words: Uzbekistan, political repressions, 1937-1938, "troika", Stalin system, Kazakhs in Uzbekistan, Kulak.

Б.К. Калшабаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы,
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Исторические аспекты политических репрессий среди казахов Узбекистана (30-е годы XX в.)

В статье рассматриваются причины политических репрессий в Узбекистане в 30-е годы XX века и их последствия для казахов, проживающих в республике. Цель – выявить особенности насильственной сталинской политики, которые имели место в Узбекистане; определить,

какая часть населения подвергалась политическим репрессиям и какова среди них была доля этнических казахов. В статье рассматривается степень изученности темы, методы исследования. В то время как политические репрессии, осуществлявшиеся против других народов Узбекистана, освещаются во многих исследованиях, нет специального труда по репрессиям в отношении казахов Узбекистана. В ходе исследования, исходя из исторической позиции, были проанализированы различные источники и документы. Автор подробно описывает механизмы Центрального Комитета по осуществлению политических репрессий на территории СССР, создание «тройки», методы наказания. В статье проанализированы причины политических репрессий казахов в Узбекистане в 1937-1938 гг. При исследовании политических репрессий казахов в Узбекистане мы убедились, что им подвергались баи и кулаки, которых оговаривали, что они вели антисоветскую пропаганду; чуждые им элементы собирались в колхозы, усиливалась национальная вражда, связь с басмачами либо проявлялось равнодушие к колхозному мероприятию и т.д.

Ключевые слова: Узбекистан, политические репрессии, 1937-1938 гг., «тройка», сталинская система, казахи в Узбекистане, кулак.

Кіріспе

2020 ж. қазан айынан бері ҚР БЖҒМ гранттық қаржыландыруымен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарымен бірге Қырғызстан, Өзбекстан және еліміздің басқа да жоғары оқу орындарынан шақырылған ғалымдармен т.ғ.д. профессор З.Е. Қабульдиновтың жетекшілігінде институт № 15/21-Қа «XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы Орта Азия республикалары аумағындағы қазақтар арасындағы саяси қуғын-сүргін (жаңа мұрағаттық деректер негізінде)» жоба гранты бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Орта Азияда, оның ішінде Өзбекстанда қазақтар ертеден өмір сүріп келе жатқанын білеміз. Олай болса, Орта Азия республикаларындағы халықтардың басынан өткізген ауыр тағдыр Өзбекстандағы қазақтарға да оңай тиген жоқ. Арғы жағын айтпағанда бергі кезеңдегі Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген солақай саясат зардаптары: ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, оның салдарынан халықтың ашаршылыққа ұшырауы, 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында басталған әртүрлі зиянкестерді, «халық жауларын», жасырын ұйымдар мен арандатушы антикеңестік элементтерді іздестіру нәтижесінде жаппай саяси қуғын-сүргін, т.б. Міне, біз осы мақалада Кеңес дәуірі кезеңіндегі Өзбекстанда жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің себептері мен зардабы және оның осы елдегі қазақтарға да тигізген зардабы мәселелерін қарастырамыз.

Иә, өткен ғасыр Орта Азия елдері үшін аласапыран заман болды. XX ғасырдың 20-50 жылдарында КСРО-да жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін Өзбекстан республикасы халықтарын да айналып өткен жоқ. Саяси қуғын-сүргін XX ғасырдағы ең қасіретті де

қайғылы оқиғалардың бірі. Жүздеген мың адам, оның ішінде өзбектер, қазақтар, қырғыздар, түрікмендер және басқалар заңдастырылған заңсыздықтың құрбаны болды, бұл генофондқа, демографияға, экономикаға, мәдениетке және халықтың рухани болмысына орны толмас зиян келтіргені анық.

2020 жылы 30 мамырда Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде: «XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. ... Кеңес заманында өмір сүрген» халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. ... Бүгін біз ұжымдастыру жылдарында аштыққа ұшырағандарды, сондай-ақ туған жерінен кетуге мәжбүр болғандарды да еске аламыз. Бұл зобалаңның қасіретін үш миллионға жуық адам тартты. Сол жылдардағы орасан зор адам шығыны мен тағдыр тауқыметі әрбір азаматтың жүрегіне жара салды. ... Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршамыздың перзенттік борышымыз», – деген болатын (Қасым-Жомарт Тоқаев, 2020: 29 мамыр). Олай болса, біз тек өз Отанымыздағана емес, сондай-ақ, шет жерлердегі қандастарымыздың да тарихи тағдырын білу, зерттеу, жариялау арқылы жоғымызды түгендеп, тарихымыздың ақтандақ беттерін толықтыра аламыз. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері аясындағы архивтер мен сирек қор бөлімдеріндегі құпияландырылған құжаттар мен материалдарға рұқсат етілу, сөйтіп олардың қолжетімділікке айналуы, жаңа тарихи

фактілерді есепке алу мүмкіншілігі ХХ ғ. 20-50 жылдарындағы Орталық Азия елдері тарихын толықтыруға кейбір жағдайда қайта құруға, ондағы халықтардың тарихи тағдырын зерттеуге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Зерттелініп отырған мәселенің тарихи ғана емес, саяси маңыздылығы да жоғары. Саяси қуғын-сүргін механизмін зерттеу тоталитаризмнің мәнін неғұрлым толық ашу және қоғамды оның жойқын мұраларынан босату міндеттерімен де тығыз байланысты. Репрессияның себептері мен нақты көрінісін объективті қайта құруы туралы тарихи түсінік мемлекет пен қоғам арасындағы қарама-қайшылықтың барлық жағымсыз салдарын жою үшін қажет, бұл осы тақырыптың өзектілігі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Өзбекстан Республикасындағы жаппай саяси қуғын-сүргін мәселелерін зерттеуде әрине, сол кезеңдегі тоталитарлық КСРО билігінің саясаттағы бағыттарына қарай республикаларда олардың атқарылуы мен жүзеге асыруға байланысты қабылданған қарарлар мен бұйрықтарын тереңдей зерттеу қажеттігі туады.

Сталиннің билігі кезеңіндегі саяси қуғын-сүргіннің зардабын жан-жақты талдай отырып, оған алғаш баға бергендердің бірі Кеңес Одағы Коммунистік партия Орталық Комитетінің бірінші хатшысы С. Хрущев болды. Ол өз баяндамасында: «Саяси істерді қараудың ерекше режимін орнатудың ресми себебі КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1934 жылы 1 желтоқсанда қабылдаған «Террористік актілерді дайындау немесе жасау туралы істерді қарау тәртібі туралы» қаулысы болды, кейбір мәліметтерге қарағанда ол Сталиннің жеке нұсқауымен жазылып, екі күннен кейін Саяси бюроның шешімі ретінде шығарылып, оған ОАК (ЦИК) Президиумы хатшысы А. Енукидзе қол қояды», – деп көрсетеді (О культе личности... 25 февраля 1956 г., Известия, 1989:138). Көріп отырғанымыздай, осы асығыс қабылданған қаулы бар-жоғы үш күннің ішінде қаншама халықтың қасіретіне айналғаны тарихтан белгілі. Кейіннен бұл қаулы кеңейтіліп, қайта қаралып «1934 жылғы 1 желтоқсандағы Заң» деп аталып, бастапқыда ол тек үш тармақтан тұрды: 1. Тергеу органдарына – террористік актілерді дайындау немесе жасалған деп айыпталған істерді жеделдетілген тәртіпте жүргізу. 2. Сот органдары өлім жазасына кесу үкімдерінің

орындалуын қадағалау, КСРО Орталық Атқару Комитеті Президиумы өлім жазасына келісілген қылмыскерлердің рақымшылық жасау туралы өтініштерін қарамауды ұсынды. 3. Ішкі істер халық комиссариатының органдары – жоғарыда аталған санаттағы қылмыскерлерге сот үкімі шыққаннан кейін бірден өлім жазасын тағайындау. Өмір сүру мүмкіндігін көптеген жылдарға бағдарлап, белгіленіп қойылған бұл шешіммен жазалау юстициясы айыпталушының тіпті сот отырысында да алынған айғақтармен ақталуына мүмкіндік бермей, А. Енукидzenің қолы болғандықтан, оның орындалуын өзі жеке тексеруге мүмкіндік алды (Султанбеков Б.Ф. Хахимзянов Р.Г., 2002:164). Белгілі болғандай, 1934 жылғы 1 желтоқсандағы заңның жоғарыдағы тармағы айыпталушыны қорғану және үкімге шағымдану құқығынан да айырған. Онда Жоғарғы Соттың Әскери алқасында істерді оңайлатылған тәртіпте қарау, мәселен, жабық есік жағдайында, прокурор мен қорғаушылар болмаған кезде, өлім жазасы шығарылғаннан кейін 24 сағат ішінде орындау қарастырылған және оны бақылап отырған.

Кеңес өкіметінің қуғындау саясатының негізін құраған құжаттардың бірі БКП (б) ОК Саяси бюро мәжілісінің 1937 ж. 2 шілдедегі № 51 хаттамасы. Онда барлық облыстық, өлкелік партия ұжымына және барлық облыстық, өлкелік, сондай-ақ республикалық НКВД өкілдеріне антикеңестік элементтер жөніндегі директиваны бекітіп берді. Облыстық комитет, өлкелік комитет хатшыларына, ұлттық компартия ОК келесі телеграмманы жіберіп: «Бұрынғы байқұлақтармен қылмыскерлердің көпшілігі бір кездері әртүрлі аймақтардан солтүстік және Сібір аудандарына жер аударылып, одан кейін мерзімі аяқталғаннан кейін өз аймақтарына оралғандар, олар колхоздар мен совхоздарда, сондай-ақ транспортта, тіпті өнеркәсіптің кейбір салаларында антикеңестік және диверсиялық қылмыстардың негізгі тетігі екендігі байқалды. БКП (б) ОК барлық облыстық, өлкелік партия ұжымына және барлық облыстық, өлкелік сондай-ақ республикалық Ішкі Істер Халық Комиссариаты (НКВД) өкілдеріне Отанына оралған барлық бай-құлақтар мен қылмыскерлерді есепке алып, олардың ішіндегі істері ең қауіптілерін дереу тұтқынға алып, Үштіктер арқылы әкімшілік жүргізу тәртібімен атылсын, ал қалған белсенділігі төмендерді, бірақ бәрібір қауіпті элементтер ретінде қайта жазылып, ІХК-нің (НКВД) көрсеткен аудандарына жер аудару. БКП (б) Орталық

Комитеті Орталық Комитетке «үштіктердің» құрамын бес күн ішінде ұсыну, сондай-ақ ату жазасына кесілгендердің саны, айдауға жіберілетіндердің санымен тең болсын», делінеді (РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 162). Қарап отырсақ, адамдарды тергемей-ақ, атылатындар мен айдалатындардың санын бірдей етудің өзі алдын ала жоспарланған заңсыздық екенін көрсетеді. Сталиннің нұсқауын 1936-1938 жж. ПХК бастығы болған Н. Ежов жанын сала орындауға тырысады. Ол ПХК (НКВД) басқармасының барлық бастықтарына шұғыл хабар жібереді. Онда: «... шұғыл хабарды ала салысымен өздерінің облыстарындағы жазасын өтеп келген бай-кулақтар мен қылмыскерлер және лагерлер мен айдаудан қашқандар есепке алынсын. Барлық тіркелген бай-кулақтар мен қылмыскерлер екі санатқа бөлінсін: біріншісі – үштіктер арқылы олардың істерін әкімшілік жүргізу тәртібімен атуға және қамауға жататын ең қауіпті элементтер; екіншісі – КСРО ПХК-нің (НКВД) нұсқауымен аймақтарға айдауға жататын белсенділігі төмен, бірақ әлі де қауіпті элементтер. Ағымдағы жылдың 8 шілдесіне дейін, маған телеграф арқылы бай-кулақтармен қылмыскерлерді бөлек көрсете отырып, бірінші және екінші санаттағы адамдардың саны туралы хабарлаңыз. Мен қосымша операцияның басталу уақыты мен оны өткізу тәртібі туралы нұсқаулар беремін», – деп жазды Н. Ежов (Директива НКВД СССР № 266/15545 3 июля 1937 г.).

КСРО Ішкі істер халық комиссары Николай Ежовтың «Бұрынғы бай-кулақтар, қылмыскерлер және басқа да антикеңестік элементтерді репрессиялау операциясы туралы» 1937 жылы 30 шілдеде № 00447 бұйрығымен 16113 өзбекстандықтар жазаланды. Олардың әлеуметтік құрамы бұрынғы «бай-кулақтар» – 811 адам (50,5%), жұмысшылар мен қызметкерлер – 207 адам (13%), дінбасылары – 138 адам (8,6%), айналысатын қызметі белгісіздер – 240 адам (15%). Жиі кездесетін мамандық иелері – колхозшы, звено жетекшілері, бригадир, табелші, мираб, карауыл, колхоз фермасының меңгерушісі, діншілдер, есепші, сатушы, т.б. (Репрессия: 1937-1938 гг., 2007).

Сонымен, мақаланың негізгі мазмұнына Өзбекстан ғалымдарының «Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы» еңбектерінің 1, 3, 4-шығарылымдарындағы деректер арқау болды. Аталған осы үш жинақты талдау нәтижесінде 80-ге жуық қазақтар жазаланып, атылғаны, 10 жыл мен 8 жылға қамауға алынып, айдалғаны жөнінде деректер айқындалды.

Мақаланы жазу барысында тағдырдың тауқыметті қасіреті жаппай саяси қуғын-сүргіннің себептері мен зардаптарына қатысты деректерді жинау, жүйелеу, саралау, деректанулық талдаудан өткізу әдістемелерін негізге алдық. Зерттеудің методологиясы қазіргі тарих ғылымдарындағы негізгі концептуальды тәсілдердің қалыптасуы мен дамуында үлкен үлес қосқан Қазақстан және шетелдік тарихшылардың теориялық тұжырымдары мен концептуальды қағидаларына сүйенеді. Мақаланың жалпы ғылыми бағыты тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы және эксперименталды талдауға негізделеді. Зерттеудің методологиялық негізі тарихи құбылыстарды зерттеудің диалектикалық тәсіліне негізделген, яғни объективті заңдылықтарын айқындайтын, сонымен қатар бұқараның әрекеті, қоғамдық топ, саяси партия, лидерлер арқылы субъективті фактордың ықпалындағы қоғамның дамуы табиғи тарихи үдеріс ретінде қарастырылады.

Нәтижелер мен талдаулар

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Орталық Азиядағы саяси репрессияны зерттеу Өзбекстан тарихшыларының алдында тұрған маңызды тақырыптардың бірі болды. Саяси зорлық-зомбылықты, атап айтқанда, саяси репрессияларды зерттеу проблемасы Орталық Азия республикаларының тәуелсіздік алуына байланысты ерекше өзектілікке ие болды. Дегенмен де Орта Азиядағы қазақтардың қуғын-сүргінге ұшырауы жөнінде жеке дара зерттелген еңбек жоқ, деп ашық айта аламыз. 2005 жылы «Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы» құжаттар жинағының 1 шығарылымы жарық көрді («Репрессия 1937-1938 гг., 2005»). Бұл құжаттар жинағы мен материалдар кітабында 1937-1938 жж. Өзбекстандағы жаппай репрессия мен оның сипатын айқындайтын архив деректері көрініс тапты. Құжаттар Ресей Федерациясының Федерация қауіпсіздік қызметі Орталық архивінен, Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінен, Өзбекстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік қызметі архивінен, Өзбекстан Республикасы Президенті аппараты архивінен, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен, т.б. алынды. Өзбекстан тарихнамасында бұл басылым жалғыз және ондағы көптеген құжаттар алғаш рет жарияланды. Жаппай ұжымдастыру кезеңіндегі Орта Азия халықтарының трагедиясы, колхоздар құру салдарлары мен байларды қудалау

тәжірибесі Р.Т. Шамсутдинов, Б.М. Расуловтың құрастыруымен 2006 жылы жарық көрген «Трагедия среднеазиатского кишлака: коллективизация, раскулачивание, ссылка. 1929-1955 годы» атты үш томдық құжаттар жинағында объективті түсіндірмесін тапты (Трагедия среднеазиатского кишлака, 2006: 1-3 т.). Жоғарыда аталған «Репрессия» жинағы кітаптың 2-шығарылымы «**Катагон Курбонлари 1937 йил**» өзбек тілінде, 3-4-шығарылымдары орыс тілінде жалғасын тапты. Өзбек тілінде шыққан «**Катагон Курбонлари 1937 йил** 2- шығарылымға 1937 ж. 30 шілдедегі КСРО-ның ІХК директивасының негізінде Өзбекстан КСР ІХК (НКВД) жанындағы «Үштік» мәжілісінің 1937 жылғы 10 тамыздан 5 қараша аралығындағы хаттамалар енді. Кітапта Өзбекстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік қызметінің мұрағатында сақталған жүздеген құжаттар, оның ішінде бұрын жабылған қорлар мен «құпия» дереккөздер келтірілген (**Катагон Курбонлари, 2007: 2 кітаб**). Ал енді, 3-шығарылымда жарияланған құжаттар КСРО Ішкі істер халық комиссары Николай Ежовтың «Бұрынғы кулактар, қылмыскерлер және басқа да антикеңестік элементтерді репрессиялау операциясы туралы» 1937 жылы 30 шілдеде № 00447 бұйрығымен жарияланған сойқанды жедел бұйрығының орындалуының жалпы көрінісі сипатталады. Сондай-ақ, бұл шығарылымның жинағына 1937 ж. 13-28 қараша аралығында Өзбекстан КСР ІХК (НКВД) жанындағы «Үштік» мәжілісінің № 33, 34, 35, 37 және 43 хаттамалары енеді (Репрессия: 1937-1938 гг., 2007: Вып. 3). Жоғарыда көрсетілген жинақтың 4-шығарылымы да «Қуғын-сүргін құрбандары» («Катагон курбанлари») сериясын жалғастырды. Бұл шығарылымға «Үштіктің» 1937 жылы желтоқсандағы мәжілісінде қарастырылған 22 хаттама енді. Қуғынға ұшырағандардың санының көптігі соншалық, олар күніне бірнеше істі, атап айтқанда, 12 желтоқсанда, яғни бір күнде 625 іс қараса, ал 8 күнде 3082 істі қарағандығы көрсетіледі (Репрессия 1937-1938 гг., 2008). Сол бір зұлматты ауыр күндерді Кеңес дәуірі кезеңіндегі деревнялар мен ауыл халықтары да басынан өткізді. Ондағы ұжымдастыру мен байларды тәркілеу «Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание: Документы и материалы в 5 томах. 1927-1939» атты еңбектерден де көптеген мағлұматтар алынды (Трагедия советской деревни, 2004).

Өзбекстандағы саяси қуғын-сүргін жөнінде Өндіжан қаласындағы «Мерос» (Мұра) ғылыми-практикалық экспедициясының Халықаралық

қайырымдылық қоры мен «Шағидлар хотирасы» республикалық қайырымдылық қоры жүргізген зерттеулердің де маңызы жоғары. Олар саяси қуғынға ұшыраған отандастарының өмірі мен қызметіне байланысты материалдарды жинау, зерттеулерде көп еңбек етті. Нәтижесінде 2007 жылы жоғарыда аталған кітаптың, жинақтың жалғасы болып табылатын «Среднеазиатский кишлак в годы Большого террора» құжаттар жинағы жарық көрді. Бұл құжаттар жинағы «Мерос» («Мұра») Халықаралық ғылыми-практикалық экспедициясының қайырымдылық қорымен баспаға дайындалды, оны құрастырушылар Р.Т. Шамсутдинов, Е.Ю. Юсупов, С.А. Хошимов пен Е.П. Дусматов (Среднеазиатский кишлак в годы Большого террора, 2007). Жинаққа 1930 жылдан 1937 жылға дейінгі жаппай қуғын-сүргіннің бастапқы кезеңіне қатысты 147 деректі материал енді.

Кеңестік кезеңде жүргізілген қуғын-сүргін саясаты Орта Азия қазақтарына да зардабын тигізбей қалған жоқ. Сталиндік жүйе әбден орталықтандырылған болатын, сондықтан жоспарлы сипатқа толық сәйкес, мемлекетте КСРО аумағында жаппай саяси қуғын-сүргін жоспарланды. Сонымен қатар, сталиндік террордың шынайы ауқымын анықтайтын әдеттегі саяси тұтқындар емес еді. Бұл Кеңес өкіметінің елді ұжымдастыру саясаты мен Кеңес өкіметі құрылыс жүйесіне қарсы «антисоветтік элементтермен күрес», яғни Үлкен террормен байланысты еді.

1930 жылы бай, орта шаруаларға қарсы операция бастау туралы шешім қабылданды. Олар жөнінде тиісті тізімдер жергілікті жерлерде дайындалып, Ішкі істер халық комиссариаты (ІХК) операция барысы туралы бұйрықтар шығарды, оны Саяси бюро бекітті. Олар белгілі бір қателіктермен орындалды, бірақ бәрі осы орталықтандырылған модель шеңберінде өтті. 1937 жылға дейін қуғын-сүргін механикасы жетілдіріліп, 1937-1938 жылдары оны толық және егжей-тегжейлі түрде қолданды. Мысалы, жазалау шаралары мен қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны алдын ала анықталып отырды. Оны мына материалдан көруге болады: Барлық қуғын-сүргінге ұшыраған кулактар, қылмыскерлер және басқа антисоветтік элементтер екі санатқа бөлінеді: а) бірінші санатқа жоғарыда аталған элементтердің ішіндегі ең қауіпті дұшпандар кіреді. Оларды дереу тұтқындауға және олардың істерін үштіктер қарап, ату жазасына кеседі; б) екінші санаттағылар белсенділігі сәл төмен, бірақ бәрібір дұшпандықтары бар элементтер кіреді.

Олар да тұтқындалып, лагерьлерде 8 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге қамауға алынады, ал олардың ішіндегі ең зиянды және әлеуметтік қауіптілері, үштіктің анықтамасы бойынша дәл осындай мерзімге бас бостандығынан айырылып, түрмелерге қамалады (Репрессия 1937-1938 гг., 2005:34-35).

1936 ж. аяғынан бастап жаппай қуғын-сүргін күшейіп кетті. Оның себебі, Сталин мен Ждановтың 25 қыркүйек 1936 жылы Сочиден Каганович пен Молотовқа және Саяси бюроның басқа да мүшелеріне жіберілген телеграммадан кейін орын алды. Онда былай делінді: «Ішкі істер халық комиссариатына жолдас Ежовты тағайындау аса қажет және шұғыл деп санаймыз. ОГПУ бұл мәселеге 4 жыл кешігіп келді. Бұл туралы барлық партия қызметкерлері және облыстық ПХК өкілдерінің көпшілігі айтуда делінді» (О культуре личности, 1989:138). Сталиннің ПХК 4 жылға кешікті деген бұл ұстанымы ПХК қызметкерлерінің бұрын жіберіп алған оқшылықтарын тез өтеу үшін, жаппай тұтқындаулар мен ату жазалауына тікелей итермеледі.

1937 жылы 11 шілдеде Өзбекстан КСР-і бойынша «үштіктің» құрамын және репрес-

сияға ұшырағандардың шегін бекіту туралы БКП (б) Орталық Комитеті Саяси Бюросы мәжілісінің № 51 хаттамасымен антикеңестік элементтерді тексеру үшін үштіктер бекітілді. Олар: 1. Өзбекстан КСР-і бойынша Икрамов, Балтабаев және Загвоздин болды. Алдын ала анықталғандай ату жазасына 1489 адам, ал айдауға 3952 адамды бекітеді. Үштікке ұлтшыл-лаңкестердің істерін қайта қарауға рұқсат беріледі. Бірақ Қарақалпақ АКСР бойынша антикеңестік элементтерді қайта қарау үшін үштіктер құрылмайды. Ал ату жазасына жоспарланған кулактар – 300 адам, қылмыскерлер – 200 адам бекітілсін. Және де айдауға жіберілетін кулактар 400 адам, қылмыскерлер 250 адам делініп, атылуға жататындардың отбасы айдауға жіберілсін деген шешім шығады (РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 162; Трагедия советской деревни, 2004).

Жоғарыда айтып өткендей, республикалық Ішкі істер Халық Комиссариатының, облыстық және өлкелік ПХК басқармасының ұсынылған есеп мәліметтеріне сәйкес, Орталық Азия бойынша репрессияға ұшырайтындардың саны келесідей болып бекітіледі:

1-кесте – Орта Азия республикалары бойынша қуғынға ұшырайтындардың сандық жоспары

	Елдер	Бірінші санаттағы	Екінші санаттағы	Барлығы
1	Қырғыз КСР-і	250	500	750
2	Тәжік КСР-і	500	1300	1800
3	Түркмен КСР-і	500	1500	2000
4	Өзбек КСР-і	750	4000	4750

(Репрессия 1937-1938 гг., 2005 : 34-35).

Бекітілген сандар тек шамамен болып табылады. Алайда, республикалық ПХК халық комиссарлары мен облыстық және өлкелік НКВД басқарма басшылары өздігінен олардың санын асырып жіберуге құқығы жоқ. Сандардың кез келген ерікті өсуіне жол берілмейді.

1937 жылы 30 шілдеде КСРО Ішкі істер халық комиссары Н. Ежов қол қойған №00447 бұйрығы республикада жаппай қуғын-сүргіннің жаңа толқынының басталуына серпін берді. Бұйрықта, сонымен қатар республикалар мен өлкелердегі бұрынғы бай құлақтардың, антикеңестік элементтердің және басқа да қылмыскерлердің қуғын-сүргінге ұшырауы мүмкін санын анықтады. Осы бұйрыққа сәйкес Орта Азия республикаларында 1937 жылдың

тамызынан бастап жаппай қуғын-сүргін науқаны өршіді. 1937 жылдың 10 тамызынан 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін Өзбекстанда 10700 адам түрмеге жабылды, қамауға алынған І санаттағы «бұрынғы бай құлақтардың» 1376 тұтқыны өлім жазасына кесілді, 4548 сталиндік лагерьге айдалды (Худоеров, 2016 : №237:36).

Құжаттардан байқағанымыз қуғын-сүргінге ұшырағандардың көпшілігі кішігірім айыптармен немесе жалған өсек жаламен қамауға алынғаны анық көрінеді. Мәселен, 1937 ж. қазан айында Скадовск ауданының НКВД өкілі 1891 ж. туылған, ұлты қазақ Ташмұхамедов Жорабектен Ташбаев Абиджанға қатысты тергеу жүргізеді. Хаттамадан анықтағандай, Ташмұхамедов Ташбаевты 1934 ж. бері білетіндігін, оның маңайына

үнемі еңбекпен байланысты қоныс аударушылар: Ибрагим Тұрғын, Каландаров Мирпулат, Ахунов Усман, Устабаев Тимирбай, Мирзарахимов Джура т.б. совхоздың күшін әлсірету мақсатында үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, халық арасында наразылық тудырып отырғандығын және оларды колхоздан қашуға итермелегендіктен, ондағы еңбек өнімділігі төмендегендігін, ал оның ұлы Абиджанов Ахмаджан орындалған жұмыс жөніндегі рапорттарды әкесінің ықпалын пайдаланып дер кезінде өткізбегендігі жөнінде, т.с.с. айтады (Репрессия 1937-1938 гг., 2007:123). Тергеуге байланысты хаттамалардан байқағанымыз, үштік сұрақ қойғанда да адамды бір-біріне айдап салу әдістерін қолданатындығын, сондықтан жауаптарда дәлелденбесе де жала жабу, қаралау сияқты жауаптарды көруге болады. Сол сияқты 1889 ж. туылған Әндіжан қаласының қазағы, полицей шенінің баласы М. Мусин Өзбекстан КП (б) мүшелігіне кандидат, отбасылы болғанына қарамастан, Қызыл Армияда қызмет етпеген, тергелмеген, бұрынғы революцияға қарсы ұлттық ұжымның мүшесі, кеңес өкіметіне қарсы қарулы отряд ұйымының бірден бір басшыларының бірі болған деп мынадай айып тағылады: а) Ташбаев

1923 жылы Жалал-Абад уездік милиция бастығы қызметін атқара жүріп, басмашы бандаларымен байланыста болған, оларды қару-жарак, оқ-дәрімен қамтамасыз етіп отырды; б) 1933 ж. ұлттық революцияға қарсы пиғылда болып, басқа ұлттарға, атап айтқанда, орыстарға ашу-ызасы мен ұлттық көзқарастарын ашық айтып, өзінің әрқашан орыстармен күресетінін мәлімдеді; в) 1936 жылы ол «Семеноводта» қызмет етті, 1937 жылы базар комитетінің директоры болды, адал жұмысшыларды жұмыстан шығарып, ұлттық революцияға қарсы «Милли-Иттихад» ұйымының бұрынғы мүшелерін, атап айтқанда, қуғыннан оралған Карамендиев және басқаларды жұмысқа алған, деп қаралайды (Репрессия 1937-1938 гг., 2007:123).

Жалпы, ғалымдардың зерттеуі бойынша, Өзбекстан ІХК «үштігі» 1937-1939 жж. аралығында республика бойынша 41 мың адамды тұтқындап, оның 37 мыңын сотқа тартқан, ал 6920-ы атылған делінеді (Репрессия 1937-1938 жж., 2005: 8).

1937 ж. желтоқсандағы ӨзКСР ІХК Үштігі мәжілісінің хаттамасы бойынша қуғынға ұшырағандардың саны мен жазалау шаралары бойынша халықтардың ұлттық құрамы:

2-кесте – Өзбекстандағы жазаланатындардың ұлттық құрамы

	Ұлты	Атылғандар	10 жылға бас бостандығынан айырылғандар	8 жылға бас бостандығынан айырылғандар	Түрмеден босатылғандар	Тергеу кезінде қайтыс болғандар	Барлығы
1	Өзбектер	298	2098	572	35	1	2987
2	Орыстар	62	267	37	-	-	366
3	Қазақтар	2	17	1	-	-	20
4	Қарақалпақ	8	104	15	-	-	127
5	Қырғыз	-	5	-	-	-	5
6	Тәжіктер	2	9	3	-	-	14

(Репрессия 1937-1938., 2008: 566)

Халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшырату барысында жазалаушы билік айыпталушыға қатысты әртүрлі жаланы барынша қолдануға тырысты. Мәселен, 1937 ж. 1 желтоқсанда Чеботарев баяндаған № 45 хаттамадағы №4676 істе Атабай ауылы, Түркістан ауданы Қазақстан КСР азаматы, 1900 жылы туылған, Абдурахман Батырбековке тағылған айып оның бай құлақтың ұлы болып, саудамен айналысуы еді. Ұсталғанға дейін ол Халықтық Жер комиссариатының (Наркомзем) Ветеринария басқармасының бас-

тығы қызметін атқарған. Ол 1920 жылдан бері «Алаш-Орда» ұлттық контрреволюциялық ұйымының мүшесі болған, оның нұсқауы бойынша белсенді түрде халық арасында контрреволюциялық жұмыс жүргізген деген айып тағылады. 1931 жылы «Қазақстанның құтқарылуы» атты контрреволюциялық ұйымда болып, ұжымдастыру кезінде оның нұсқауымен шекараға жақын жерлердегі постқа қазақтарды көшіру мақсатында, мәселен, Өзбекстанның Кенимех ауданынан шекаралас аудандарға қоныс

аударуды ұйымдастырған. Мал шаруашылығымен айналысатын фермаларды орта шаруалармен (құлақтармен) көбейтіп, совхоздарда диверсиялық жұмыстар жүргізді. ӨзКСР қылмыстық кодексінің 60 және 67 тармағы бойынша шешім қабылданып, А. Батырбековті 1937 жылғы 14 тамыздағы мерзімді есептей отырып, он жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамалуын сұрайды (Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы, 2008: 33). Сол сияқты Калинин ауданы, Назарбек колхозының (Ташкенттің іргесіндегі шекараға жақын, қазір де бар – қазақтар шоғырланған елді мекен) тумасы, ұлты қазақ, КСРО азаматы № 7821 іс бойынша айыпталушы Мырзатаев Қошқар (Мирзатаев Кучкар) колхозшылар арасында үнемі Кеңес өкіметінің ар-абыройына нұқсан келтіретін үгіт насихат жүргізген, деп ӨзКСР-нің Қылмыстық кодексінің 66 бабы, 1 бөлімімен айыптайды. ӨзКСР-нің Ішкі істер халық комиссариаты Калинин аудандық бөлімі Селиннің баяндауымен Мырзатаев Қошқарды 1937 жылдың 3 желтоқсаны мерзімінен есепке ала отырып, еңбекпен түзеу лагеріне (ИТЛ) 8 жылға қамау туралы қаулы шығарады (Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы, 2007: 191).

ӨзКСР Шыназ аудандық ПХК бөлімі, 1937 ж. 2 желтоқсан № 47 хаттама, №7474 іс бойынша 1890 жылы Қызыл-Құм ауданында туылған, ұлты-қазақ, Қазақ КСР азаматы, Байжанов Жомарт тұтқындау кезінде колхоз төрағасы болып қызмет атқарған. Ол төрағалық құқығын пайдалана отырып, жат элементтермен колхозды толтырды, жүйелі түрде колхоздан басқа ұлттарды қуып шығару үшін ұлтшылдық контрреволюциялық үгіт насихат жүргізген деген айып тағады. Көрсетілген айыпқа қатысты Ж. Байжановты – 1937 жылғы 15 қарашадағы мерзімді есептей отырып, он жылға еңбекпен түзеу лагерінде қамалсын, деген шешімді Андрусенко баяндайды (Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы, 2008: 70).

Жалпы, қазақтардың арасында контрреволюциялық үгіт насихат жүргізген деген айыппен тұтқындау көбірек кездеседі. Соның бірі 1905 жылы Сырдария облысы Жоғары Шыршық ауданы Тойтөбе қыстағында туылған, ұлты қазақ, білімі орта, Сұлтанов Уақап (Сұлтанов Вахаб). Ол 1936 жылы тұтқындалып, жазасын Дмитлагерьде (Дмитрий лагері) өтейді. КСРО-ның Үштігінің жазалауымен 21.11. 1937 ж. контрреволюциялық үгіт насихат жүргізгендігі үшін ату жазасына кесіледі, үкім 1937 ж. 3 желтоқсанда күшіне енген. 1989 ж. 16.06. ақталған (Репрессия 1937-1938 гг. Документы и

материалы, 2005 : 250). Сол сияқты Өзбекстанның Жар-Қорған ауданы, Жалайыр қишлағында 1895 жылы туылған, ұлты қазақ Құрбанов Бадалдың № 12889 ісі бойынша да, оның колхозшылар арасында Кеңес өкіметіне, колхозға қарсы бағытталған, жүйелі түрде контрреволюциялық үгіт насихат жұмысын жүргізгендігіне байланысты айыпталғандығын көруге болады. Ол ӨзКСР-нің Қылмыстық кодексі бойынша 66 бап, 1 бөлім бойынша 1937 ж. 20 қарашаны есепке ала отырып, Еңбекпен түзеу лагеріне 10 жылға кесілген (Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы, 2008: 12). Өзбекстандағы саяси қуғынға байланысты шыққан «Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы» кітабының 1, 3, 4-шығарылымдары бойынша тізімге енген 90-ға жуық қазақтардың негізгі бөлігі еңбекпен түзеу лагеріне 10 және 8 жылға жер аударылғандар, ал ату жазасына кесілгендер азырақ. Оның ішінде де негізгі бөлігі 1937 ж. күзінен бастап жазаланғандардың саны көбірек.

Қорытынды

Сонымен, Өзбекстанда мекен етуші барлық ұлт өкілдері мен халықтар ұшыраған 1937-1938 жж. «Үлкен террор» халық үшін ең қаралы кезең еді. Өзбек КСР ПХК жанындағы «Үштіктің» 1937 жылы 30 шілдедегі №00447 бұйрығы ең алдымен қарапайым халықты жазалауға бағытталды. Сталиннің билігі кезеңіндегі Ішкі Істер Халық Комиссариаты жанынан құрылған «үштіктің» бұйрығымен (1937-1953 жж.) Өзбекстанда 100 мың адам тұтқынға алынып, оның 13 мыңы атылды (Хошимов, 2016:106). Сөйтіп, Отанына берілген ондаған мың адам жазықсыз жазаланды, тоталитарлық режим қарапайым халықпен бірге ұлт зиялыларын да қуғынға ұшыратып, республиканың рухани өміріне де нұқсан әкелді. Өзбекстанның ПХК қылмыстық кодексімен жазаланған қазақтардың ішінде қарапайым орта шаруа, колхозшылармен бірге елімізге белгілі қоғам қайраткерлері де болған. Сондықтан қазіргі кезеңде жазықсыз жаза арқалап, қуғын-сүргінге ұшыраған отандастарымыздың тарихи тағдырын, бүгіндегі олардың үрім-бұтағын, хал-жағдайын білу біздің, өсіп келе жатқан өскелең ұрпағымыздың міндеті.

ТМД аясындағы қай ел болмасын тәуелсіздік алған жылдардан бері саяси қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеуге, олардың есімдерін мәңгі сақтауға көп көңіл бөлінуде. Мұның жарқын мысалы 1999 жылғы 12 мамырда Өзбекстан Республика Президентінің қаулы-

сының жариялануы және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кеңесінің 22 маусымдағы «Отан мен халық бостандығы жолында қаза тапқандарды еске алуды мәңгілік ету туралы» шешімі, сондай-ақ 2001 жылғы 1 мамырдағы Өзбекстанның Республика Президентінің «Репрессия құрбандарын еске алу күнін белгілеу туралы» Жарлығы. Жарлықта айтылғандай, қазіргі және болашақ ұрпақтар басқыншылар мен зұлым күштерге қарсы күресте қадір-қасиет пен абыройды, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қорғай отырып, Отанның бостандығы мен еркіндігі жолында қаза тапқандардың

естелігін әрдайым құрмет тұту қажеттігі жөнінде айтылады. Сондықтан да көршілес жатқан, жалпы шет жерлерде тарихи Отанынан жырақта жүрген қандастарымыздың өткен өмірі мен қазіргі кезеңдегі ұрпақ сабақтастығындағы мүмкіншіліктері мен болашағы біздің назардан тыс қалмауы керек.

Мақала № 15/21-Қа «XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы Орта Азия республикалары аумағындағы қазақтар арасындағы саяси қуғын-сүргін (жаңа мұрағаттық деректер негізінде)» жоба гранты бойынша жазылған.

Әдебиеттер

Директива НКВД СССР № 266/15545 3 июля 1937 г.// Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы в 5 томах. 1927-1939. (2004). Том 5, книга 1. 1937 г. Часть 2. Документы №№151-300. Москва: РОССПЭН. С.319. 326 с.

Катагон Курбонлари 1937 йил 10 август – 5 ноябрь (2007) / Иккинчи китоб. – Тошкент: Шарк, 496 п.

Катагон курбонлари. 1938 йил февраль, сентябрь (2009)./ Бешинчи китоб. Тошкент: Шарк, 191 п.

О культе личности и его последствиях. Доклад Первого секретаря ЦК КПСС Н.С. Хрущева XX съезду КПСС 25 февраля 1956 г. //Известия ЦК КПСС. (1989) № 3, 1989, с. 138.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі 29 мамыр 2020 ж. //https://www.akorda.kz/kz/events

/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui (2020 жылғы 29 мамыр)

Среднеазиатский кишлак в годы Большого террора. Сборник документов (2007) / Сост.: Р.Т. Шамсутдинов, Э.Ю. Юсупов, С. Хошимов, Э.П. Дусматов. Андижан, 500 с.

Султанбеков Б.Ф., Хакимзянов Р.Г. (2002). Политические репрессии в Татарстане Законы, исполнители, реабилитация жертв. Казань: Издательство, 164 с.

«Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы». выпуск 1. (2005) Ташкент: «Шарк», 288 с.

Репрессия: Документы и материалы (2007) / Под ред. Н.Ф. Каримова; Сост.: Р.Т. Шамсутдинов, Э.Ю. Юсупов, А. Мамаджанов, Э.П. Дусматов; Андижанский гос. ун-т им. Бабура, Благотворительный фонд «Шахидлар хотираси», Благотворительный фонд научно-практической экспедиции «Мерос» («Наследие»). Вып. 3: Жертвы Большого террора из Узбекистана, 1937 год, ноябрь. Ташкент: «Шарк», 496 с.

Репрессия 1937-1938 гг. Документы и материалы. Жертвы Большого террора из Узбекистана 1937 год, декабрь. – Выпуск 4. (2008). Ташкент: «Шарк», 576 с.

Российский Государственный архив социально-политической истории (РГАСПИ)

Ф.-17. Центральный комитет КПСС (ЦК КПСС) (1898, 1903-1991). Оп. 162. Д.21. Л.99.

Трагедия среднеазиатского кишлака: коллективизация, раскулачивания, ссылка. 1929–1955 гг. Документы и материалы. Том I (2006) / Сост: Р.Т. Шамсутдинов, Б.М. Расулов. Ташкент: «Шарк», 655 с.

Трагедия среднеазиатского кишлака: коллективизация, раскулачивания, ссылка. 1929–1955 гг. Документы и материалы. Том II. (2006) / Сост: Р.Т. Шамсутдинов, Б.М. Расулов. Ташкент: «Шарк», 494 с.

Трагедия среднеазиатского кишлака: коллективизация, раскулачивания, ссылка. 1929–1955 гг. Документы и материалы. Том III. (2006) / Сост: Р.Т. Шамсутдинов, Б.М. Расулов. Ташкент: «Шарк», 351 с.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы в 5 томах. 1927-1939. Том 5, книга 1. 1937 г. Москва: РОССПЭН, 326 с.

Хошимов С., Иминов Ж., Тураходжаев С. (2016) Политические репрессии в Узбекистане в 20-30-х годах XX века // Наука и современность. – № 43. – С.100-108.

Худоев Н.М (2016) Объективная трактовка трагедии Среднеазиатского кишлака в период «Большого террора» // Наука и современность. – №237. – С. 34-38.

References

Директива НКВД СССР № 266/15545 3 июля 1937 г.// Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы в 5 томах. 1927-1939. (2004). Том 5, книга 1. 1937 г. Часть 2. Документы №№151-300. Москва: РОССПЭН. С.319. 326 с.

Katagon Kurbonlari 1937 yil 10 August - 5 November (2007) / Ikkinchi Kitob. Toshkent: Shark, 496 p. [Katagon Victims August 10 - November 5, 1937]. (2007) / Second Book. Tashkent: Shark, 496 p.

Katagon Kurbonlari 1938 yil February - september (2009) / Beshinchi kitob. Toshkent: Shark, 191 p. [Catagon Victims February - september, 1938] (2009) / The fifth book. Tashkent: Shark, 191 p.

Қатагон қурбонлари. 1938 йил февраль, сентябрь (2009)./ Бешинчи китоб. Тошкент: Шарк,

O kul'te lichnosti i yego posledstviyakh. Doklad Pervogo sekretarya TSK KPSS N. S. Khrushcheva XX s'yezdu KPSS 25 fevralya 1956 g. // Izvestiya TSK KPSS. (1989) № 3,1989, s. 138. [About the personality cult and its consequences. Report of the First Secretary of the Central Committee of the CPSU NS Khrushchev to the XX Congress of the CPSU on February 25, 1956 // News of the Central Committee of the CPSU. (1989) No. 3.1989, p. 138].

Memleket bassysy Kasym-Zhomart Togaevtyk Sayasi Kukyn sergin zhune asharyshlyk qyrbandaryn eske alu kunine orai Ondeui 29 mamyr 2020. [Address by President Kassym-Zhomart Tokayev on the Occasion of the Day of Remembrance of Victims of Political Repression and Famine 29 may 2020].

Sredneaziatskiy kishlak v gody Bol'shogo terrora. Sbornik dokumentov (2007.) / Sost.: Shamsutdinov R.T., Yusupov E.YU., Khoshimov S., Dusmatov E.P. – Andizhan, 500 s. [Central Asian village during the Great Terror. Collection of documents (2007.) / Comp .: Shamsutdinov R.T., Yusupov E.Yu., Khoshimov S., Dusmatov E.P. Andijan, 500 p.]

Sultanbekov B.F. Khakimzyanov R.G. (2002). Political repressions in Tatarstan Laws, executors, rehabilitation of victims. (2002). Kazan: Publishing house, 164 p.

Repressiya 1937-1938 gg. Dokumenty i materialy». vypusk 1. (2005) Tashkent: «Shark», 288 s. [Repression 1937-1938. Documents and materials».issue 1. (2005) Tashkent: “Shark”, 288 p.]

Repressiya: Dokumenty i materialy (2007) / Pod red. N. F. Karimova; Sost.: R. T. Shamsutdinov, E. YU. Yusupov, A. Mamadzhanov, E. P.Dusmatov; Andizhanskiy gos. un-t im. Babura, Blagotvoritel'nyy fond «Shahidlar khotirasi», Blagotvoritel'nyy fond nauchno-prakticheskoy ekspeditsii «Meros» («Naslediyе»). Vyp. 3: Zhertvy Bol'shogo terrora iz Uzbekistana, 1937 god, noyabr'. Tashkent: «Shark»,496 s. [Repression: Documents and Materials (2007) / Ed. N.F. Karimova; Compiled by: R. T. Shamsutdinov, E. Yu. Yusupov, A. Mamadzhanov, E. P. Dusmatov; Andijan state un-t them. Babur, Shahidlar Hotirasi Charitable Foundation, Meros (Heritage) Scientific and Practical Expedition Charitable Foundation. Issue 3: Victims of the Great Terror from Uzbekistan, 1937, November. Tashkent: “Shark”, 496 p.]

Repressiya 1937-1938 gg. Dokumenty i materialy. Zhertvy Bol'shogo terrora iz Uzbekistana 1937 god, dekabr'. vypusk 4. (2008), Tashkent:«Shark», 576s. [Repression 1937-1938 Documents and materials. Victims of the Big terror from Uzbekistan 1937, December. issue 4. (2008), Tashkent: “Shark”, 576p.]

Rossiskiy Gosudarstvennyy arkhiv sotsial'no-politicheskoy istorii (RGASPI) F.-17. Tsentral'nyy komitet KPSS (TSK KPSS) (1898, 1903-1991). Op. 162. D.21. L.99. [Russian State Archive of Social and Political History (RGASPI) F.-17. Central Committee of the CPSU (Central Committee of the CPSU) (1898, 1903-1991). Op. 162. D.21. L.99.]

Tragediya sredneaziatskogo kishlaka: kollektivizatsiya, raskulachivaniya, ssylka. 1929–1955 gg. Dokumenty i materialy. Tom I (2006) / Sost: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M.. Tashkent: «Shark», 655 s. [The tragedy of the Central Asian village: collectivization, dispossession, exile. 1929-1955 Documents and materials. Volume I (2006) / Compiled by: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M. . Tashkent: “Shark”, 655 p.]

Tragediya sredneaziatskogo kishlaka: kollektivizatsiya, raskulachivaniya, ssylka. 1929–1955 gg. Dokumenty i materialy. Tom II.(2006) / Sost: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M. - Tashkent: «Shark», 494 s. [The tragedy of the Central Asian village: collectivization, dispossession, exile. 1929-1955 Documents and materials. Volume II. (2006) / Compiled by: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M. Tashkent: “Shark”, 494 p.]

Tragediya sredneaziatskogo kishlaka: kollektivizatsiya, raskulachivaniya, ssylka. 1929–1955 gg. Dokumenty i materialy Tom III. (2006) / Sost: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M. - Tashkent: «Shark»,351 s. [The tragedy of the Central Asian village: collectivization, dispossession, exile. 1929-1955 Documents and materials Volume III. (2006) /Compiled by: Shamsutdinov R.T., Rasulov B.M. Tashkent: “Shark”, 351 p.]

Tragediya sovetsoy derevni. Kollektivizatsiya i raskulachivaniye. Dokumenty i materialy v 5 tomakh. 1927-1939. Tom 5, kniga 1. 1937 g. Moskva: ROSSPEN, 326 s. [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. Documents and materials in 5 volumes. 1927-1939. Volume 5, book 1. 1937. Moscow: ROSSPEN, 326 p.]

Khoshimov S., Iminov ZH., Turakhodzhaev S. (2016) Politicheskiye repressii v Uzbekistane v 20-30-kh godakh KHKH veka. //Nauka i sovremennost'. № 43. S.100-108. [Khoshimov S., Iminov Zh., Turakhodzhaev S. (2016) Political repressions in Uzbekistan in the 20-30s of the XX century. // Science and modernity. No. 43. P.100-108.]

Khudoyerov N.M (2016) Ob'yektivnaya traktovka tragedii Sredneaziatskogo kishlaka v period «Bol'shogo terrora»//Nauka i sovremennost' 2016. №237 . S.34-38. [Khudoyerov N.M. (2016) Objective interpretation of the tragedy of the Central Asian village during the Great Terror //Science and modernity 2016. No. 237. S. 34-38].